

Барқытбел ауылдық округі елді мекенінің ұсақ мүйізді малдары бруцеллез індетінен сауқтырылды деп тану туралы

Шығыс-Қазақстан облысы Ұржар ауданы Барқытбел ауылдық округі 2015 жылғы 29 қазандағы № 10 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Барқытбел ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұржар аудандық аумақтық инспекциясы бастығының 2015 жылдың 28 қазандағы № 358 ұсынысына сәйкес, Барқытбел ауылдық округі елді мекенінің ұсақ мүйізді малдары бруцеллез індетінен сауықтырылды деп танылсын.

2. Күші жойылды деп есептелсін:

1) Барқытбел ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 16 шілдедегі № 3 шешімі "Барқытбел ауылдық округінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 27 тамыздағы № 3469, аудандық "Уақыт тынысы" газетінің 2014 жылғы 08 қыркүйектегі № 108 санында жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

*Барқытбел ауылдық
округінің әкімі*

Н. Ануарбеков